

Хантау ауылдық округінің Қияқты ауылының құрамдас бөлігін қайта атау туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Хантау ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 15 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 27 шілдедегі қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, **ШЕШТІМ:**

1. Хантау ауылдық округінің Қияқты ауылының құрамдас бөлігі қайта аталсын:
Вокзальная көшесін Ағыбай батыр көшесіне;
Кияхтинская көшесін Қайрат Рысқұлбеков көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелікон күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Сейтказиев А.Ж.